

## **Пробация қызметінің есебінде тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 18 мамырдағы № 170 қаулысы. Күші жойылды - Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 475 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 21.11.2022 № 475 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37-баптарға және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 7), 8) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) сәйкес, Іле ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік түріне және меншіктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарда жұмыс орындары квота белгіленсін:

1) пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін;

2) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін;

2. Іле ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 12 қаңтардағы №12 "Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысының күші

жойылды деп танылсын. (Алматы облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 1 ақпанда № 4087 болып тіркелді).

3. "Іле ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарды белгілінген квота бойынша жұмысқа орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Қарасаев*

Аудан әкімдігінің 2022 жылғы "18"  
мамыр № 170 қаулысына 1-қосымша

### **Іле ауданы бойынша мекемелер мен кәсіпорындарда пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша квота**

Рет саны	Мекеме, кәсіпорын атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%)	Белгіленген квотаға сәйкес жұмыс орындарының саны
1	2	3	4	5
1	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Райымбек Агро"	98	2%	1
2	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Тау адмирал"	105	1,5%	1
3	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Тангенс"	75	2%	1
4	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Медиатекс"	108	1,5%	1
5	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Первомайские деликатесы"	97	1,1%	1
6	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Эпсилон Продукт"	154	0,8%	1

7	Акционерлық қоғамы "Алатау Күс "	144	0,8%	1
8	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Алюминий оф Казахстан"	110	1%	1
9	Акционерлық қоғамы "Galanz Botllers"	78	2%	1
10	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Первый пивзавод"	142	0,8%	1
11	Акционерлық қоғамы "Алель Агро "	152	1%	1
12	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "QazaqGlassCompany "	146	1%	1
13	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Боралдай Нан"	107	1%	1
14	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Ремстройтехника"	139	1,5%	2
	Аудан бойынша	1655		16

Аудан әкімдігінің 2022 жылғы "18" мамыр № 170 қаулысына 2-қосымша

**Іле ауданы бойынша мекемелер мен кәсіпорындарда бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, жұмысқа орналастыру бойынша квота**

№ п/п	Мекеме атауы	Қызметкерлердің адам саны	Квота өлшемі (қызметкерлердің жалпы санынан%)	жұмыс орындардың саны (бірлік)
1	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Медиатекс"	108	1%	1
2	Жауапкершілігі шектеулі	97		1

	серіктестігі Первомайские деликатесы"	"		1%	
3	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Эпсилон Продукт"	"	154	1%	1
4	Акционерлық қоғамы "Алатау Күс "	"	144	1%	1
5	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Первый пивзавод"	"	142	1%	1
6	Акционерлық қоғамы "Алель Агро "	"	152	1%	1
7	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі QazaqGlassCompany "	"	146	1%	1
8	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Боралдай Нан"	"	107	1%	1
9	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Ремстройтехника"	"	139	1%	1
	Аудан бойынша		1189		9